

Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 23/1 шешімі

Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 20-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысының 2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 409 106 135,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 51 687 788 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 767 584,7 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 6 910 мың теңге;

трансферттер түсімі – 353 643 852,7 мың теңге;

2) шығындар – 399 013 546,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 17 607 679,3 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 32 364 078,6 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 756 399,3 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 7 500 000 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 7 500 000 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -15 015 090,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 15 015 090,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 22 561 167,8 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 21 095 484 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 13 549 406,9 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 30.06.2023 № 4/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 5/1 (01.01.2023 бастап

қолданысқа енгізіледі); 18.10.2023 № 7/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2023 жылға арналған облыстық бюджет кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

орманды пайдаланғаны үшін төлем;

қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы;

жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем;

тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер;

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 30.06.2023 № 4/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 5/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. 2023 жылға облыстық бюджетке аудандардың және Петропавл қаласының бюджеттерінен алынатын салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 50 пайыз;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Петропавл қаласы - 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша:

Петропавл қаласы - 100 пайыз;

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 100 пайыз.

4. 2023 жылға аудандар, Петропавл қаласы бюджеттеріне салықтан түсетін түсімдердің жалпы сомасын бөлу белгіленсін:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы - 50 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары - 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары - 100 пайыз;

5. Облыстық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар.

мұнай секторын ұйымдастырудан түсетін түсімдерден басқа залалдың орнын толтыру туралы өтініштер бойынша алынатын қаражат;

мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтарды қоспағанда, сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілдік берген сот орындаушылары, сот приставтары және соттардың басқа да қызметкерлері салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімі;

бұрын облыстық бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражатты қайтару;

облыстық бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 30.06.2023 № 4/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Облыстық бюджеттің кірістері облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

7. Облыстық бюджет түсімдері мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

8. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенция 2023 жылға 17 086 266 мың теңге сомада белгіленсін, оның ішінде:

Айыртау – 1 214 656 мың теңге;

Ақжар – 1 488 172 мың теңге;

Аққайың – 1 425 691 мың теңге;

Есіл – 1 243 725 мың теңге;

Жамбыл – 1 564 730 мың теңге;

Мағжан Жұмабаев – 1 693 806 мың теңге;

Қызылжар – 1 179 941 мың теңге;

Мамлют – 1 219 828 мың теңге;

Ғабит Мүсірепов атындағы – 743 198 мың теңге;

Тайынша – 774 277 мың теңге;

Тимирязев – 1 179 752 мың теңге;

Уәлиханов – 2 031 812 мың теңге;

Шал ақын – 1 326 678 мың теңге.

9. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте Петропавл қаласының бюджетінен 6000000 мың теңге сомада бюджеттік өндіріп алу көлемі қарастырылсын.

10. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің екі студенттік жатақханасын салуға;

2) "Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

3) "Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға.

Республикалық бюджеттен көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу " Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

10-1. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

2) табиғатты қорғау және арнаулы мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

3) қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға;

4) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

5) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялауға;

6) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

7) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға;

9) азаматтарды жұмыспен қамту мәселелері бойынша әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу " Солтүстік Қазақстан облысының 2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 10-1–тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 04.09.2023 № 5/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы аясында салынған орта білім беру объектілерін күтіп-ұстауға;

2) халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

3) "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы аясында денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге;

4) "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы аясында жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу " Солтүстік Қазақстан облысының 2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен нысаналы даму трансферттерінің түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы аясында орта білім беру объектілерін салуға;

2) "Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

3) "Ауыл - ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.

4) "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы аясында денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға;

5) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

6) 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

7) арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамытуға;

8) "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында қалалардағы сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

9) "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы аясында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

10) жылумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

11) облыс орталықтарында инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуға.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу "Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін, оның ішінде:

1) ауыл тұрғындарының кірісін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды тарату үшін ауыл тұрғындарына микрокредиттер беруге;

2) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

3) жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін.

4) агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға.

Көрсетілген сомаларды бөлу "Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. 2023 жылға арналған облыстық бюджетте аудандардың және Петропавл қаласының бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген трансферттерді бөлу "Солтүстік Қазақстан облысының 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

14-1. 5-қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстары 2023 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары мен облыстық бюджеттен және республикалық бюджеттен берілген 2022 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. 2023 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайтыны белгіленсін.

16. Солтүстік Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының 2023 жылға арналған резерві 908 182 мың теңге сомада бекітілсін.

17. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мамандарға, сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін көрсетілген мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

18. Аудан бюджеттерінде ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетуге шығыстар қарастырылсын.

19. Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы қарызы лимитінің болжамы 2023 жылға 77 829 631 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

20. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2022 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 23/1 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 17.04.2023 № 2/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 30.06.2023 № 4/2 № 4/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2023 № 5/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.10.2023 № 7/1 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	409 106 135,4
1			Салықтық түсімдер	51 687 788
	01		Табыс салығы	37 065 091
		1	Корпоративтік табыс салығы	7 728 888

		2	Жеке табыс салығы	29 336 203
	03		Әлеуметтік салық	11 687 139
		1	Әлеуметтік салық	11 687 139
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 935 558
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 929 305
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 253
2			Салықтық емес түсімдер	3 767 584,7
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	679 936,6
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	43 081
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	107 389
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	529 466,6
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 297
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып	2 297

			алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 089 488
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 089 488
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	995 863,1
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	995 863,1

3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 910
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 910
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6 910
4			Трансферттердің түсімдері	353 643 852,7
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	9 542 707,7
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	9 542 707,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	344 101 145
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	344 101 145
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	399 013 546,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	5 991 688,2
	110		Облыс мәслихатының аппараты	115 261
		001	Облыс мәслихатының қызметін	114 761

			қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
	120		Облыс әкімінің аппараты	3 231 274,8
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 055 464,9
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	39 128
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	440 601,7
		009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	529 273
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	166 807,2
	257		Облыстың қаржы басқармасы	487 166,5
		001	Жергілікті бюджетті атқару, коммуналдық меншікті басқару және бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	398 130,1
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 093

		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	87 943,4
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	118 986
		075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	118 986
	269		Облыстың дін істері басқармасы	72 747
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 220
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 000
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	9 527
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	337 360
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	312 131
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	25 229
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 234 070,9
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	1 234 070,9
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	119 414
			Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару	

		001	саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	117 849
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 565
	727		Облыстың экономика басқармасы	275 408
		001	Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	190 853
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	45 370
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 420
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	14 100
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	19 665
02			Қорғаныс	1 038 532
	120		Облыс әкімінің аппараты	463 061
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті	58 640

			атқару шеңберіндегі іс-шаралар	
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс	76 145
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	308 331
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	19 945
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	575 471
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	429 970
		004	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	145 501
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10 376 599
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	10 376 599

		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 102 792
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	6 195
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	267 612
04			Білім беру	149 750 528,9
	120		Облыс әкімінің аппараты	10 473
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	10 473
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	676 985,8
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	271 724
		044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	98 068
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	307 193,8
	261		Облыстың білім басқармасы	134 457 916,4

		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	802 632
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	3 696 006
		004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	112 769
		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	674 648
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 163 575
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	79 732
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	778 443
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	70 929
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 608 555

		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	1 697 174
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	610 320
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	3 152 355,4
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	85 627,9
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 271 899
		081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	5 628 211
		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	76 196 581,6
		083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	356 504
			Жетім баланы (жетім балаларды)	

		086	және ата-анасының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақшалай қаражатын төлеуге арналған төлемдер	6 210
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	249 515,5
		202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	9 904 867
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру	16 311 362
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	5 473 882
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	4 589 496
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	884 386
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	9 131 271,7
			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	

		011	объектілерін салу және реконструкциялау	344 098,4
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	533 562,3
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	449 753
		082	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 710 650,3
		099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	878 667,8
		205	"Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	4 214 539,9
05			Денсаулық сақтау	15 742 229,5
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	10 831 219,7
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	233 721
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	285 792
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	26 300,1

		008	Қазақстан Республикасында Ж И Т С профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	113 073
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүру мен қамтамасыз ету	64
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	45 756
		023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	223 500
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	906 551
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	111 654
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	20 500
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	7 732 836,6
			Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша	

		039	медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	349 822
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	433 244
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	348 406
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 911 009,8
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 911 009,8
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	12 121 543,2
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	10 323 908,7
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында	232 817

			мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 060 660
		003	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	66 394,1
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	56 965
		012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	125 955
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету	3 543 832,5

			орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	123 643
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	551 156
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	42 517,1
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	322
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	29 385

		061	Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу	1 133 741,8
		064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	534 798
		066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	9 344
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	335 275,5
		068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	1 547 989,9
		069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	2 070
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	927 042,8
	261		Облыстың білім басқармасы	1 673 214,5

		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 280 951
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	213 915,5
		095	Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балаларды бағып-қағу	130 492
		201	Жетім балаларды және ата-анасының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	47 856
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	20 000
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	20 000
	298		Облыстың мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы	104 420
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	104 420
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	30 864 320,7

279			Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	30 864 320,7
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	112 248
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 951
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	4 815 900,9
		038	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	55 855,5
		054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	2 067
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	9 062 593
		114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	16 811 705,3

08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19 010 314,9
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 149 062
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	134 700
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	50 729
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 042
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	915 748
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 843
	266		Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы	1 999,2
		044	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	1 999,2
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	5 352 540
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 567,7

		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	247 541
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	4 290 077,7
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 718
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	647 635,6
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	28 000
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 223 019,1
		024	Спорт объектілерін дамыту	4 970 439
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	2 252 580,1
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	119 195
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	112 548

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 647
	748		Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы	5 164 499,6
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	158 856
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	86 278
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 765
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	525 299
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	576 726
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 884 791
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	314 276
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	538 399
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	151 590
		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	914 519,6

09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	196 896,5
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	196 896,5
		050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	196 896,5
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	69 755 156,8
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	2 857 383
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	144 840,3
